

**2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 238 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қазанда № 4071 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 24 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 09.02.2016 № 24 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-1/168 бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормалары бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласы әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Ноғаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

01.09.2015 жыл

2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 238

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

**2015 жылға жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін  
отырғызу және  
өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың  
нормасы**

(теңге)

Жеміс дақылдарының түрі	Отырғызу схемасы	Көшеттер саны	Отырғызу		2 вегетация		3 вегетация		4 вегетация	
			1 га кететін шығын	субсидия (40%)	1 га кететін шығын	субсидия (40%)	1 га кететін шығын	субсидия (40%)	1 га кететін шығын	субсидия (40%)
Жеміс дақылдары										
Алма	8x6 м	208	1 510 025	604 010	66 775	26 710	66 445	26 578	1 53 050	61 220
Алма	8x5 м	250	1 576 800	630 720	67 228	26 891	67 013	26 805	1 58 295	63 318
Алма	8x4 м	313	1 676 914	670 766	67 907	27 163	67 852	27 141	1 66 075	66 430
Алма	5x3 м	667	2 306 471	922 588	71 859	28 744	72 643	29 057	2 09 931	83 972
Шие	5x4 м	500	2 090 759	836 304	97 790	39 116	63 244	25 298	1 91 798	76 719

Жидек дақылдарының түрі	Отырғызу схемасы	1 га өсімдіктер саны	Отырғызу		2 вегетация		3 вегетация	
			1 га кететін шығын	субсидия (40%)	1 га кететін шығын	субсидия (40%)	1 га кететін шығын	субсидия (40%)
Жидек дақылдары								
Қарақат	4,0x0,75 м	3667	1 561 969	624 788	544 010	217 604	1 053 143	421 257
	4,0x0,5 м	5500	1 939 636	775 854	544 010	217 604	1 053 143	421 257
	2,5x0,75 м	5867	2 015 169	806 068	544 010	217 604	1 053 143	421 257
Таңқурай	3,0+0,5x0,3 м	13332	4 442 449	1 776 980	511 259	204 504	973 127	389 251
	2,5x0,5 м	8800	3 275 459	1 310 184	511 259	204 504	973 127	389 251
Бүлдірген	80+35x20 см	62856	3 874 447	1 549 779	1 573 475	629 390	x	x

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК